# "Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 8 желтоқсандағы және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кеден ісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2010 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 20 ақпандағы № 31-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 8 желтоқсандағы және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кеден ісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

*Премьер-Министр К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 20 ақпандағы № 31-ө өкімімен бекітілген

## «Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 8 желтоқсандағы және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кеден ісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

| Р/с № | Нормативтік құқықтық актінің атауы | Актінің нысаны | Орындауға жауапты мемлекеттік орган | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Ветеринария және өсімдіктер карантині саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның өсімдіктер карантині бойынша мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларды және мемлекеттік инспекторларды кеден органдарына іссапарға жіберу тәртібін бекіту туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Қаржымині (жинақтау ), ЭБЖМ, АШМ | 2010 жылғы ақпан |
| 2. | «Тауарлардың кедендік құнын айқындаудың резервтік әдісін қолдану кезінде пайдаланылатын ақпараттық анықтамалық туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 тамыздағы № 794 қаулысының күші жойылды деп тану туралы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | Қаржымині | 2010 жылғы ақпан |
| 3. | Кедендік құнды айқындау әдістерін қолданудың ерекшеліктері туралы нұсқаулықты бекіту туралы | Бұйрық | Қаржымині | 2010 жылғы ақпан |
| 4. | «Тауарларды кедендік бақылаумен өткізу туралы » Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 12 мамырдағы № 197 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | Бұйрық | Қаржымині | 2010 жылғы ақпан |
| 5. | «Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2007 жылғы 14 желтоқсандағы № 462 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы | Бұйрық | Қаржымині | 2010 жылғы ақпан |

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**
Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК